 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ	
ИМЖ құжатының атауы:	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL- 4.2	26 беттің 1-беті
Әзірлеуші құрылымдық бөлімше: Корпоративтік хатшы қызметі	«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2018 жылғы «__» _____ № _____ хаттама) бекітілді	

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы осы ереже «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына және Корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже Қоғамның Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) мәртебесін, құру және қызмет тәртібін, құрамын және оның Қоғамның өзге органдарымен өзара әрекетін, Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершіліктерін, сондай-ақ оларды сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін айқындайды.

3. Директорлар кеңесі өз қызметінде Заңды, Қоғамның Жарғысын, Кодексті, осы Ережені және Қоғамның басқа ішкі құжаттарын басшылыққа алады.


2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МӘРТЕБЕСІ, ҚЫЗМЕТ МАҚСАТТАРЫ, ҚАҒИДАТТАРЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ

4. Директорлар кеңесі Қоғамның Акционерлер жалпы жиналысына есеп беретін, Қоғамды стратегиялық басқаруды және Қоғам Басқармасының қызметін бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады.

5. Қоғамның қызметін жалпы басқару, Қоғамның мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ету және акционерлердің құқықтарын қорғау, Қоғам қызметінің қағидаттары мен нормаларын белгілеу, сондай-ақ Қоғамның Акционерлер жалпы жиналысы мен басқа тұлғалар алдындағы Қоғам міндеттемелерінің түсінілуі мен сақталуын қамтамасыз ету Директорлар кеңесі қызметінің мақсаттары болып табылады.

6. Директорлар кеңесінің мүшелері өз функционалдық міндеттерін орындауға тиіс және өз қызметінде келесі қағидаттарды ұстануы қажет:

- 1) өз өкілеттігі шегінде әрекет жасау;
- 2) Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің отырыстарына қатысуға және оларға дайындалуға жеткілікті уақыт бөлу;
- 3) Қоғамның ұзақмерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына жағдай жасау;
- 4) іскерлік әдептің жоғары стандарттарын қолдау;
- 5) мүдделер қақтығысына жол бермеу;
- 6) тиісті парасаттылықпен, ептілікпен және сақтықпен әрекет ету.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 2-беті

7. Директорлар кеңесі өз функцияларын Қоғамның Жарғысына сәйкес орындайды және келесі мәселелерге ерекше назар аударады:

- 1) даму стратегиясын (бағыттар мен нәтижелер) айқындау;
- 2) даму жоспарының қызметтің негізгі көрсеткіштерін қою және мониторингі;
- 3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау;
- 4) Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа негізгі стратегиялық жобаларды бекіту және олардың тиімді іске асырылуына мониторинг жүргізу;
- 5) Қоғам бас директорын (Басқарма төрағасын) және Басқарма мүшелерін сайлау, сыйақы беру, сабақтастықты жоспарлау және қызметін қадағалау;
- 6) корпоративтік басқару және әдеп;
- 7) Қоғамда Кодекс ережелерінің және іскерлік әдеп саласындағы корпоративтік стандарттардың (Іскерлік әдеп кодексінің) сақталуы.

3. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

8. Директорлар кеңесі Заңға және Қоғамның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға өкілетті.

9. Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғам Басқармасының шешуіне беруге болмайды.


10. Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

11. Директорлар кеңесі:

- 1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;
- 2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

4. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ ТӘРТІБІ

12. Директорлар кеңесінің сандық құрамын Акционерлердің жалпы жиналысы айқындайды. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 3-беті

тәуелсіз директорлар болуға тиіс, бұл ретте, Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызына дейін құрайды.

13. Директорлар кеңесінде және оның комитеттерінде Қоғам мүддесі үшін және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынас жасауды және тұрақты даму қағидаттарын ескергенде тәуелді, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағды, тәжірибе және білім теңгерімі сақталуға тиіс.

14. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесі мүшелерін кандидаттардың құзыретін, дағдыларын, жетісіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескерумен ашық және айқын рәсімдер негізінде сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлаған кезде Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлестері назарға алынады.

15. Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) акционерлер - жеке адамдар;
- 2) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;
- 3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар арасынан сайланады.


16. Акционер Директорлар кеңесіне сайлау үшін саны Директорлар кеңесінің сандық құрамынан аспайтын кандидаттарды ұсынуға құқылы. Мұндай ұсыныстар күн тәртібіне Директорлар кеңесін сайлау туралы мәселе енгізілген Акционерлердің жалпы жиналысы өтетіндігі туралы акционерлерді хабардар еткен күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Қоғамға келіп түсуге тиіс.

Акционердің Директорлар кеңесіне кандидаттарды ұсыну туралы ұсынысы келесі жолдармен енгізілуі мүмкін:

- 1) Қоғам Басқармасының орналасқан жері бойынша пошта байланысымен жіберу;
- 2) Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Қоғамның корпоративтік хатшысына жоғарыда аталған адамдардың біреуінің акционердің ұсынысын алғандығын растайтын жеке қолын қоюымен жеке тапсыру.

Кандидаттарды ұсыну туралы ұсынысты енгізу күні Қоғамның оны алған күнімен (оны поштамен жібергенде) немесе жеке тапсырған кезде алғандығын растайтын қолдың күнімен айқындалады.

17. Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидаттарды ұсыну туралы ұсыныста (оның ішінде өзін өзі ұсынған жағдайда) кандидатты ұсынған акционердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе акционер-заңды тұлғаның атауы, оған тиесілі акциялардың саны мен түрі, сондай-ақ

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 4-беті

кандидат туралы келесі ақпарат көрсетіледі:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);
- 2) білімі туралы (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы), оның ішінде біліктілігін арттыру туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамға аффилиирленгені туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орны және атқарған қызметі туралы мәліметтер;
- 5) кандидат акционер және/немесе қатысушы болып табылатын заңды тұлғалардың, осы заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы кандидатқа тиесілі акциялардың, үлестердің және/немесе пайлардың саны көрсетілген тізбесі;
- 6) кандидаттың Қоғамның аффилиирленген тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәліметтер;
- 7) өтелмеген/өтелген сотталғандық немесе заңмен белгіленген тәртіпте алып тасталмаған/алып тасталған сотталғандық туралы мәліметтер, сондай-ақ соттың кандидатты меншікке қарсы, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдар қызметінің мүдделеріне қарсы қылмыстарды жасағаны үшін кінәлі деп танығандығы туралы мәліметтер және аталған қылмыстарды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес қылмыстық жауапкершіліктен босатылғандығы туралы мәліметтер;
- 8) кандидаттың Директорлар кеңесіне ұсынуға келісімі туралы мәліметтер.


Ұсынысқа акционер немесе оның өкілі, қажет болған жағдайда белгіленген тәртіпте ресімделген сенімхатты қоса беріп, қол қоюы қажет.

18. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың тізімін жасайды, кейіннен оны түйіндемелермен, Директорлар кеңесінің құрамына сайлау үшін ұсынылған кандидаттарға қатысты Директорлар кеңесінің кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің бағаларымен және ұсынымдарымен бірге Акционерлердің жалпы жиналысына жібереді.

Директорлар кеңесінің Директорлар кеңесіне кандидаттар тізімін жасау туралы шешімі жиналыс өтетін күнге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірілмей қабылдануға тиіс.

19. Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға түсетін жағдайды қоспағанда, акционерлер Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады. Кумулятивтік дауыс беру бюллетенінің мынадай бағандары болуы тиіс:

- 1) Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылған кандидаттардың тізбесі;
- 2) акционерге тиесілі дауыстар саны;

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 5-беті

3) акционердің Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылған кандидатқа берген дауыстарының саны.

Кумулятивтік дауыс беруге арналған бюллетеньге «қарсы» және «қалыс қалды» деген дауыс беру нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.

Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауысты Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидатқа толығымен беруге немесе оларды бірнеше кандидаттар арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын жинаған кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және одан көп кандидат тең дауыс санын жинаған болса, бұл кандидаттарға қатысты тең дауыс санын жинаған кандидаттар көрсетілген кумулятивтік дауыс беру бюллетеньдерін акционерлерге ұсыну арқылы қосымша кумулятивтік дауыс беру өткізіледі.

20. Қоғам Басқармасының бас директордан (Басқарма төрағасынан) басқа мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

5. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ

21. Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады, кейіннен қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болу шартымен тағы да үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін.


22. Кез-келген адамды Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан көп мерзімге (мысалы, үш жылдық екі мерзім) сайлау Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарауға жатады. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне тоғыз жылдан астам қатарынан сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте, тәуелсіз директорды Директорлар кеңесіне сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлаудың қажеттілігі және бұл фактордың шешім қабылдаудың тәуелсіздігіне әсерін толық түсіндірумен жыл сайын жүзеге асырылуға тиіс.

Бірде бір адам өзінің тағайындалуымен, сайлануымен, қайта сайлануымен, өкілеттігін тоқтатумен байланысты шешімдер қабылдауға қатыспауға тиіс.

23. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді және жаңа Директорлар кеңесін сайлау жүргізілетін Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу сәтінде бітеді.

24. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Акционерлердің жалпы жиналысы оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 6-беті

қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

25. Директорлар кеңесі мүшесінің көзбе-көз отырыстардың елу пайызынан кеміне қатысуы немесе сырттай дауыс беруге қойылған мәселелердің елу пайызынан кеміне толтырылған бюллетеньдер ұсынуы оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату үшін негіз болып табылады.

26. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

27. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл орайда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

6. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

28. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы шешім қабылдаған кезде Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеуге қойылатын келесі талаптарды басшылыққа алады:

1) акционерлердің және Директорлар кеңесі мүшелерінің кандидатқа сенімі;


2) кандидаттың іскерлік және салалық ортадағы мінсіз беделі;

3) акционерлердің және Қоғамның мүдделеріне барынша сай келетін байыпты шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін кандидаттың кәсіби білімі және біліктілігі. Бұл ретте, Қоғамның негізгі қызметіне сай келетін салада ғылыми дәрежесінің болуы кандидаттың қосымша артықшылығы болып табылады;

4) Қоғамның негізгі қызметіне сай келетін салада басшы қызметте кемінде үш жыл тәжірибесінің болуы;

5) оған жүктелген функцияларды тиімді орындауға мүмкіндік беретін жеткілікті уақытының болуы. Директорлар кеңесінің мүшесі басқа акционерлік қоғамның органдарына қатысу немесе басқа ұйымда жұмысқа қабылдану туралы шешім қабылдау кезінде оған жүктелген міндеттерді лайықты түрде орындау үшін жеткілікті уақытының болуына негізделуі қажет.

29. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғамға бәсеке ұйымдардың директорлар кеңестерінің (байқау кеңестерінің) немесе атқарушы органдарының мүшелерін сайлау рәсімдеріне өз кандидатураларын ұсынбау

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 7-беті

не қатыспау ұсынылады. Директорлар кеңесі мүшесінің Қоғамға бәсеке ұйымның директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің) немесе атқарушы органының құрамына қатысуы Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз болады.


30. Мынадай адам Директорлар кеңесінің мүшелігіне сайлана алмайды:

- 1) жоғары білімі жоқ;
- 2) өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығы бар;
- 3) белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе тоқтатып қою туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңге бұрын басқа заңды тұлға директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), бірінші басшының орынбасары, бас бухгалтері болған. Көрсетілген талап белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе тоқтатып қою туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады;
- 4) Қоғамға бәсеке ұйымның директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің) немесе атқарушы органының құрамына кірген.

Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің, мемлекеттік органдар лауазымды тұлғаларының Директорлар кеңесі құрамына қатысуларына жол берілмейді.

31. Тәуелсіз директор болып мынадай адам сайланады.:

- 1) Қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылмайтын және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (ол Қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда);
- 2) Қоғамның аффилиирленген тұлғаларына қатысты аффилиирленген тұлға болып табылмайтын;
- 3) Қоғамның немесе Қоғамның аффилиирленген тұлғалар - ұйымдарының лауазымды адамдарына бағынышты емес және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде сол тұлғаларға бағынышты болмаған;
- 4) мемлекеттік қызметші болып табылмайтын;
- 5) Қоғам органдарының отырысында акционердің өкілі болып табылмайтын және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай өкіл болмаған;
- 6) аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғамның аудитіне қатыспаған және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған;
- 7) соңғы бес жыл ішінде Қоғамның не оның еншілес ұйымының жұмыскері болып табылмайтын және табылмаған;

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 8-беті

8) Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сыйақы алуды қоспағанда, Қоғамнан қосымша сыйақы алмаған және алмайтын;

9) басқа ұйымдарда немесе органдарда осындай лауазымда бола отырып, басқа ұйымдарға немесе органдарға осындай қатысуы арқылы Директорлар кеңесінің басқа мүшелерімен айтарлықтай байланысы жоқ;

10) акционердің немесе мемлекеттік басқару органдарының өкілі емес.

7. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

32. Директорлар кеңесінің мүшесі:

1) Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылған күн тәртібін қамтитын жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

2) Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда Қоғамның Басқармасына Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талаппен жүгінуге;

3) Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарында қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға;

4) Директорлар кеңесі қарайтын күн тәртібінің мәселелері бойынша өз пікірін білдіруге (Директорлар кеңесі қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесі өз көзқарасын (ерекше пікірін) жазбаша нысанда баяндауға құқылы);

5) Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына күн тәртібінің мәселелері бойынша ерекше пікірді қосуды талап етуге;

6) Қоғамның Басқармасына және Ішкі аудит қызметіне өз құқықтары мен міндеттерін орындау үшін қажет сұрау салуға және ақпарат, құжаттар алуға;

7) Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету арқылы өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға;

8) Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшелеріне арналған лауазымға кіріспе бағдарламасын алуға;


9) сыйақы алуға (Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесіндегі жұмысы үшін сыйақы алған жағдайда), сондай-ақ өзінің Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін шығыстарды өтеуге құқық алуға;

10) Заңмен және Қоғамның Жарғысымен көзделген өзге құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

8. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

33. Директорлар кеңесінің мүшесі:

1) өзіне жүктелген міндеттерді адал орындауға және Қоғамның және акционерлердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 9-беті

пайдалануға;

2) өзінің, Қоғамның және акционерлердің арасында мүдделер қақтығысының туындауына әкелетін немесе әкелуі мүмкін іс-әрекеттерден қалыс қалуға, ал мұндай қақтығыс болған немесе туындаған жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасына ол туралы жазбаша түрде дереу хабарлауға;

3) Қоғаммен жасалуында ол мүдделі тұлға болып танылуы мүмкін мәміле жасау ниеті туралы, мұндай мүдделіліктің негіздемесін көрсете отырып, сондай-ақ Қоғамның еншілес (бірлескен бақылаудағы) ұйымдарының бағалы қағаздарымен (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерімен) өз атынан мәміле жасау ниеті туралы Директорлар кеңесін Қоғамның корпоративтік хатшысы арқылы дереу жазбаша хабардар етуге;

4) дербес немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірге заңды тұлғалардың дауыс беретін акцияларына немесе жарғылық капиталдардағы қатысу үлестеріне ие болған заңды тұлғалар туралы мәліметті Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге;

5) шешім қабылдауында өзінің мүдделілігі бар немесе мүдделер қақтығысы бар мәселелер бойынша дауыс бермеуге;

6) құрамына өзі кіретін Директорлар кеңесінің және комитеттің (комитеттердің) отырыстарына және жұмысына қатысуға, ол үшін барлық қажетті ақпаратты (материалдарды) зерделеуге;

7) Қоғамның құпия ақпаратын, оның ішінде инсайдерлік ақпаратты жарияламауға, Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындау кезінде, сондай-ақ өз өкілеттігін тоқтатқан күннен бастап бес жыл ішінде аталған ақпаратты өз мүддесіне немесе үшінші тұлғалардың мүддесіне пайдаланбауға;


8) қауіпсіздік режимімен және Қоғамның құпия ақпаратын сақтаумен байланысты Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген барлық қағидалармен рәсімдерді сақтауға;

9) жалпы қабылданған қағидаларға сәйкес ілтипат білдіру белгілерін немесе ресми іс-шаралар жүргізген кездегі кәдесыйларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің лауазымдық өкілеттіктері шеңберінде қабылдаған шешімдері немесе іс-қимылдары үшін сыйақыны білдіретін немесе солай қарастырылуы мүмкін сыйлықтарды, қызметтерді немесе қандай да болмасын басымдықтарды жеке және заңды тұлғалардан алмауға;

10) Қоғам мүлкін Қоғам Жарғысына және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қарсы, сондай-ақ жеке басының мақсатында пайдаланбауға және өзінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасасқан кезде асыра пайдаланбауға;

11) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге;

12) шұғыл мәселелерді шешу үшін Директорлар кеңесі отырыстарын өткізуге бастамашылық жасауға;

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 10-беті

13) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғам қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде инсайдерлік ақпараттың ашылуын және берілуін бақылауға;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғам Жарғысында және Қоғамның өзге ішкі құжаттарында көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға міндеттенеді.

34. Тәуелсіз директор осы Ереженің 31-тармағында аталған тәуелсіздік өлшемдеріне сәйкестікті жоғалтуға әкеп соқтыратын іс-қимылдарды жасаудан қалыс қалуға міндетті.

Осындай іс-қимылдар жасалған жағдайда, сондай-ақ тәуелсіздік өлшемдеріне сәйкессіздікті туғызған мән-жайлар басталған жағдайда, ол екі жұмыс күні ішінде бұл туралы Директорлар кеңесін жазбаша хабардар етуге міндетті.

35. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) хабардарлық, ашықтық негізінде, Қоғамның және оның акционерлерінің мүддесінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғам Жарғысының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес іс-қимыл жасауы;

2) барлық акционерлерге адал қарауы, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пікір айтуы тиіс.

9. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

36. Директорлар кеңесінің төрағасы Акционерлердің жалпы жиналысында оның мүшелері ішінен сайланады.

Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің төрағасын кез келген кезде қайта сайлауға құқылы.

37. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесін жалпы басқаруға жауап береді, Директорлар кеңесінің өз негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруын және Директорлар кеңесі мүшелерінің, ірі акционерлер мен Қоғам басқармасы арасында сындарлы диалог құруды қамтамасыз етеді.


38. Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның ұзақмерзімді құнын өсіруге және тұрақты дамытуға бейімделген, ішкі және сыртқы сынға уақтылы және тиісті кәсіби деңгейде ден бере алатын біртұтас мамандар командасын құруға тырысуы тиіс.

39. Директорлар кеңесі төрағасының негізгі функциялары мыналарды қамтиды:

1) Директорлар кеңесінің отырыстарын жоспарлау және күн тәртібін қалыптастыру;

2) Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімдер қабылдау үшін толық және өзекті ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз ету;

3) Директорлар кеңесінің назарын Директорлар кеңесінің қарауына

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 11-беті

жататын стратегиялық мәселелерді қарауға жұмылдыруды және ағымдағы (операциялық) сипаттағы мәселелерді азайтуды қамтамасыз ету;

4) күн тәртібі мәселелерін талқылау, жан-жақты және терең қарау үшін жеткілікті уақыт бөлу, ашық талқылауларға ынталандырып, келісілген шешімдерге қол жеткізу арқылы Директорлар кеңесі отырыстарының барынша нәтижелі болуын қамтамасыз ету;

5) акционерлермен, негізгі стратегиялық шешімдерді қабылдаған кезде ірі акционерлермен консультациялар ұйымдастыруды қамтитын, тиісті коммуникацияларды және өзара іс-қимылдарды құру;

6) Директорлар кеңесі және Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдердің мониторингін және орындалуын тиісінше қадағалауды қамтамасыз етеді;

7) корпоративтік жанжал туындаған жағдайда оларды шешу және олардың Қоғам қызметіне жағымсыз әсерін барынша азайту жөніндегі шараларды қабылдау және осындай жағдайларды өз күшімен шешу мүмкін болмаған жағдайда ірі акционерлерді уақтылы хабардар етеді.

40. Директорлар кеңесінің төрағасы белгіленген тәртіпте:

1) күн тәртібі мәселелерін еркін талқылау үшін жағдай жасай отырып, Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

2) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді, сондай-ақ сырттай дауыс беруді жүргізу туралы шешімдерді қабылдайды және Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруін ұйымдастырады;

3) отырыстарда хаттама мен стенограммалар (қажет болған жағдайда) жүргізуді ұйымдастырады және оларға қол қояды;

4) жыл сайын Қоғам акционерлерін Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасы мүшелерінің сыйақысы мөлшері мен құрамы туралы хабардар етеді;

5) Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібі мәселелері бойынша неғұрлым тиімді шешімдер жасақтауды ұйымдастырады;


6) Директорлар кеңесі мүшелерінің дәл және нақты ақпаратты дер кезінде алуын қамтамасыз етуге жауап береді. Бұл ретте Қоғам Басқармасы осындай ақпаратты ұсынуға міндетті, ал Директорлар кеңесінің мүшелері қажет болған жағдайларда түсініктеме беруді немесе түсіндіруді талап ете алады;

7) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, комитеттердің құрамына Директорлар кеңесі мүшелерін ұсыну жұмысы ұйымдастырады;

8) Қоғамның өзге органдарымен немесе лауазымды тұлғаларымен тұрақты байланыста болады;

9) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне лауазымға кіру бағдарламасын ұсынуды қамтамасыз етеді;

10) Қазақстан республикасының заңнамасында, Қоғам Жарғысында және осы Ережеде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 12-беті

41. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі атқарады.

10. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫН ШАҚЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАРАУЫНА ЕНГІЗІЛЕТІН МӘСЕЛЕЛЕРДІ ДАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ

42. Директорлар кеңесінің отырыстары ұтымдылық, тиімділік және тұрақтылық қағидаттарын басшылыққа ала отырып жүргізіледі.

43. Директорлар кеңесінің отырыстары жоспарлы және жоспардан тыс болуы мүмкін. Директорлар кеңесінің жоспарлы отырыстары Директорлар кеңесі, Ішкі аудит қызметі және Қоғам Басқармасы мүшелерінің ұсыныстарына сәйкес қалыптастырылатын және күнтізбелік жылдың басына дейін Директорлар кеңесі бекітетін Директорлар кеңесі жұмысының жыл сайынғы жоспары негізінде алты аптада кемінде бір рет өткізіледі.

44. Директорлар кеңесінің төрағасы жыл сайынғы жұмыс жоспарының даярлануын бақылауды жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің жұмыс жоспары бірінші жартыжылдық аяқталған кезде қайта қаралуы мүмкін.

45. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының және Қоғам Басқармасының бастамасы немесе:

- 1) Директорлар кеңесінің кезкелген мүшесінің;
- 2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) Қоғамның ірі акционерінің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

46. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап:

1) осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген кез келген әдіспен түпнұсқасын кейіннен жіберумен факсимильді байланыс бойынша;


2) пошталық жөнелтілім; немесе

3) Директорлар кеңесінің төрағасына Қоғамның корпоративтік хатшысына қолын қойдырып, табыстау жолымен Директорлар кеңесі отырысының ұсынылған күн тәртібін және өзге де қажет ақпаратты қамтитын тиісті жазбаша хабарламаны жолдау арқылы Директорлар кеңесінің төрағасына ұсынылады.

47. Шақыру туралы талаптың келіп түскен күні былай айқындалады:

1) егер талап факсимильді байланыс бойынша жіберілген болса, Қоғам алған факсимильді кіріс хабарламада көрсетілген күн осындай талап келіп түскен күн болып есептеледі;

2) егер талап пошталық жөнелтілім арқылы жіберілген болса, пошталық жөнелтілімді алған күнді растайтын пошталық мөрқалыпта көрсетілген күн осындай талап келіп түскен күн болып есептеледі;

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 13-беті

3) егер талап тапсырыс хатпен немесе өзге пошталық тіркелетін жөнелтілім арқылы жіберілсе, онда пошталық жөнелтілімді қол қойдырып, адресатқа табыстаған күн осындай талап келіп түскен күн болып есептеледі.

48. Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақырудан бас тартуға құқылы емес, мына жағдайларды қоспағанда:

1) отырысты шақыру туралы талап Заңға, Қоғам Жарғысына және/немесе осы Ережеге сәйкес келмейді;

2) талап қойған адам Директорлар кеңесі отырысын шақыруға құқылы емес;

3) егер ұсынылып отырған күн тәртібі мәселелері Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайды.

49. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақыру туралы талапты қарауға және талап қойылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы хабарламаны отырыс шақыруға бастамашылық еткен адамға жіберуге тиіс.

50. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі отырысын шақыру туралы талапты қанағаттандырған жағдайда, төраға отырыс өткізу нысанын белгілейді.


51. Директорлар кеңесінің төрағасы отырыс шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен Қоғам Басқармасына жүгінуге құқылы, ал ол Директорлар кеңесін шақыруға міндетті.

52. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғам Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақырумен өткізіледі.

53. Отырыстың күн тәртібі отырыс шақыруға бастамашыны (егер шақыруға бастамашы Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылмаса) және шешім қабылдау үшін қажет құжаттар қоса беріліп, Директорлар кеңесінің жоспарлы және жоспардан тыс отырысын өткізу күні, орны, уақыты және нысаны туралы жазбаша хабарламаларды Қоғамның корпоративтік хатшысы жеке өзі қол қойдырып табыстайды немесе отырыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей, ал Қоғамның стратегиялық даму және бизнес-жоспары мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын Директорлар кеңесінің әрбір мүшесіне почта немесе факсимильді немесе электрондық байланыс арқылы жіберіледі. Материалдар Қоғамның қауіпсіздік режимімен және Қоғамның құпия ақпаратын сақтаумен байланысты ішкі құжаттарында көзделген қағидалар мен рәсімдерді сақтаумен жіберіледі.

Хабарламаны жіберу күні факсимильдік немесе электрондық шығыс хабарламаның күні, пошталық мөрқалып немесе хабарламаны табыстау күні

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 14-беті

бойынша айқындалады.

54. Директорлар кеңесінің қарауына Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарына енгізілген мәселелер және Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын өзге де мәселелер шығарылады. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер (Қоғам Жарғысында айқындалған жеке мәселелерді қоспағанда) алдын ала Қоғам Басқармасында қаралауы тиіс.

55. Ірі мәмілені және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілені жасасу туралы шешімді қабылдау мәселесін қараған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәмілені орындау мерзімдері мен шарттарын, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемін, сондай-ақ бағалаушының (Заңның 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда) есебін қамтуы тиіс.

Қоғамның мәмілені жасасуына мүдделі тұлғалар белгіленген мерзімдерді ескеріп, Заңның 72-бабында аталған ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына жазбаша нысанда жеткізуге міндетті. Бұл ақпарат Директорлар кеңесіне жіберілетін материалдарға қоса беріледі.

Қоғамның мәмілені жасасуына мүдделі, Қоғамның лауазымдық адамдары болып табылатын адамдар Заңның 72-бабында көрсетілген ақпаратты:

Директорлар кеңесінің отырысы көзбе-көз тәртіпте өткізілген кезде – ол өткізілгенге дейін корпоративтік хатшы арқылы;


Директорлар кеңесі шешімді сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде – тиісті ақпаратты бюллетендерде көрсету жолымен ұсынады.

56. Директорлар кеңесінің отырыстарына арналған материалдар Директорлар кеңесінің негізделген шешімдер қабылдауы үшін қажет күн тәртібі мәселелері жөніндегі барлық ақпаратты, соның ішінде қажет болған жағдайда Қоғам үшін оның экономикалық (қаржылық) маңызын, сондай-ақ шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы ықтимал пайданы (шығында) ашып көрсетіп, әрбір мәселенің қысқаша сипаттамасын қамтуы тиіс.

57. Егер Директорлар кеңесінің мүшесіне Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелерді қарау барысында шешім қабылдау үшін қосымша ақпарат немесе материалдар қажет болған жағдайда, Қоғамның корпоративтік хатшысы олардың мүдделі құрылымдық бөлімшелердің, Қоғам Басқармасының және Қоғамның Ішкі аудит қызметінің тарапынан ұсынылуы бойынша шаралар қабылдайды.

Директорлар кеңесінің төрағасы және Қоғамның корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін көлемде ақпарат ұсынуға жауап береді.

58. Директорлар кеңесінің қарауына енгізілетін материалдар күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысандағы Директорлар кеңесі шешімінің жобасын және түсіндірме

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 15-беті

жазбаны және басқа да ілеспе материалдарды қамтуы тиіс.

59. Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды дайындауды, төмендегі талаптарды сақтай отырып, Қоғам Басқармасы жүзеге асырады:

1) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесі шешімінің жобаларын және түсіндірме жазбаларды және Директорлар кеңесінің қарауына енгізілетін мәселелер бойынша басқа да ілеспе материалдарды осы мәселеге бастамашылық еткен құрылымдық бөлімше әзірлейді;

2) Директорлар кеңесі шешімінің жобалары және түсіндірме жазбалар мәселеге бастамашылық еткен құрылымдық бөлімшенің басшыларымен, корпоративтік мәселелерді құқықтық қамтамасыз ету департаментімен, осы мәселе құзырына жататын құрылымдық бөлімшемен, сондай-ақ Қоғамның жетекшілік ететін басшыларымен келісілуі тиіс;

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын материалдардың әрбір парағын Қоғамның бастамашылық еткен құрылымдық бөлімшесінің жетекшісі парафирлеуі тиіс;

4) келісу рәсімдері аяқталып, материалдар Қоғамның корпоративтік хатшысына ұсынылғаннан кейін Қоғамның корпоративтік хатшысы ұсынылатын күн тәртібін көрсетіп, Директорлар кеңесі төрағасының атына Қоғамның бас директорының (Басқарма төрағасының) қолы қойылған хат (шақыру) дайындайды;


5) Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) шешім жобаларына виза қояды және хатқа (шақыруға), сондай-ақ бастамашылық етілген мәселелер бойынша түсіндірме жазбаларға қол қояды, осыдан кейін барлық материалдар белгіленген тәртіпте Директорлар кеңесі төрағасының атына жіберіледі;

6) Қоғамның корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі төрағасының қарары негізінде тиісті материалдарды қоса беріп, Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаны жібереді.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген талап корпоративтік хатшы, Ішкі аудит қызметі, омбудсмен, Директорлар кеңесінің мүшелері, Қоғамның ірі акционері бастамашылық ететін мәселелер бойынша материалдарға тарамайды.

60. Қоғамның корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшелерінің күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды уақтылы ұсынуын және отырысқа шақырылған адамдарға хабарлауды қамтамасыз етеді.

61. Егер Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі Қоғам Басқармасының мүшелерін сайлау мәселесін қамтитын болса, бұл мәселе бойынша материалдар кандидаттың тиісті лауазымға кіруге жазбаша келісімін, оның резюмесін, сондай-ақ Директорлар кеңесінің кадрлар және

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 16-беті

сыйақы комитетінің тиісті хаттамасын қамтуы тиіс. Жазбаша келісім болмаған жағдайда Директорлар кеңесінің отырысына кандидаттың өзі қатысады және оны Қоғам Басқармасының мүшесі етіп сайлауға ауызша келісім береді.

11. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ

62. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына бейнеконференция (интерактивті аудиобейне байланыс), конференц-байланыс («телефондық кеңес» тәртібінде Директорлар кеңесі мүшелерінің бір мезгілде әңгімелесуі) арқылы, сондай-ақ өзге байланыс құралдарын пайдаланып қатыса алады.

63. Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғам Басқармасын және корпоративтік хатшыны өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмауы туралы алдын ала хабарлауға міндетті. Отырыста болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша жазбаша хабарлама арқылы дауыс беруге құқылы.

Бұл ретте күн тәртібі бойынша осындай жазбаша хабарлама (пікір):


- 1) жасалған күнін;
- 2) жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің пікірі білдірілетін күн тәртібін;
- 3) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша нақты айтылған ұстанымын;
- 4) қолын;
- 5) Директорлар кеңесі мүшесінің қалауы бойынша күн тәртібіне қатысты өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламасы кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеген кезде ескеріледі және отырыс хаттамасына тіркеледі, онда осы Директорлар кеңесі мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс бергені туралы жазу жазылады.

Директорлар кеңесінің мүшесі күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламасын Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Қоғамның корпоративтік хатшысына ұсынылуы тиіс.

Егер бұрын жазбаша хабарлама (пікір) ұсынған Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына дауыс беру үшін келген жағдайда, оның жазбаша хабарламасы (пікірі) ескерілмейді.

64. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесінің мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және бейнеконференция (интерактивті аудиобейне байланыс), конференц-байланыс («телефондық кеңес» тәртібінде Директорлар кеңесі мүшелерінің

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 17-беті

бір мезгілде әңгімелесуі), сондай-ақ өзге байланыс құралдарын пайдалануды ескере отырып, сондай-ақ қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшелерін (олардың жазбаша түрде айтылған дауыстары болған жағдайда) ескере отырып айқындалады.

Директорлар кеңесінің отырыстарында (Қоғам ашық компания деп танылғаннан кейін) міндетті түрде тәуелсіз директорлардың жалпы санының кемінде жартысы мөлшерінде тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны аталған кворум үшін жеткіліксіз болса, онда Директорлар кеңесі жаңа Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау үшін кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері осындай кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы шешімді ғана қабылдауға құқылы.

65. Қоғам Жарғысында айқындалған жеке мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу кворумы Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен екі бөлігін құрайды, бұл ретте Директорлар кеңесінің отырысына тәуелсіз директорлардың жай көпшілігі қатысуы тиіс.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдыңғы абзацында айқындалған кворум үшін жеткіліксіз болса, мәселелердің қаралуы Директорлар кеңесінің келесі отырысына ауыстырылады. Осы тармақтың алдыңғы абзацында көрсетілген мәселелерді қайта қараған кезде шешім қабылдау үшін қажет кворум Директорлар кеңесінің мүшелері санының кемінде жартысын құрайды, бұл ретте отырысқа тәуелсіз директорлардың жалпы санының кемінде жартысы санында тәуелсіз директорлар қатысуы тиіс.


66. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Заңда немесе Қоғам Жарғысында өзгесі көзделмесе, отырысқа қатысқан немесе жазбаша пікірін ұсынған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

67. Дауыстар тең бөлінген кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық ететін адамның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, соның ішінде Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беруіне тыйым салынады.

68. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Директорлар кеңесінің Заңда немесе Қоғам жарғысында белгіленген тәртіпте бұзушылықпен қабылданған шешіміне қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібінде шағымдануға құқылы.

Акционер Заңда немесе Қоғам жарғысында белгіленген тәртіпте бұзушылықпен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімін, егер аталған шешіммен Қоғамның және (немесе) осы Акционердің құқықтары және заңды мүдделері бұзылса, сотта даулауға құқылы.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 18-беті

69. Жасалуына Қоғам мүдделі болатын мәмілелер туралы шешім, оның жасалуына мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Егер Директорлар кеңесінің барлық мүшелері, тек тәуелсіз директорлардан басқа, осындай мәмілені жасауға мүдделі болған жағдайда, шешім тәуелсіз директорлардың жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, жасалуына Қоғам мүдделі болатын мәмілелер туралы шешім, оның жасалуына мүдделі емес акционерлердің жай көпшілік дауысымен Акционерлер жалпы жиналысы қабылдайды.

Ірі мәмілелер және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - Қор) тобына кіретін ұйымдармен жасалуына Қоғам мүдделі болатын мәмілелер Қордың Директорлар кеңесі белгілеген тәртіпте, Заңмен көзделген ерекше жағдайларды қолданбай жасалады.

70. Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

71. Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша, оның қарауына шығарылған мәселелер жөнінде Директорлар кеңесінің шешімдерін қабылдау сырттай дауыс беру арқылы мүмкін, бұл ретте сырттай дауыс беру нысандағы отырыстардың саны барынша аз болуы қажет. Отырыстың күн тәртібі мәселелері бойынша сырттай дауыс беру үшін Директорлар кеңесі отырысының өтілуі туралы хабарламамен қоса жолданатын бюллетеньдер қолданылады. Маңызды әрі стратегиялық өзекті мәселелер бойынша шешімдерді қарау және қабылдау тек көзбе-көз дауыс беру нысандағы Директорлар кеңесінің отырысында жүзеге асырылады. Ерекше жағдайларда Директорлар кеңесі отырысының екі нысаны да үйлесуі мүмкін.


Қоғам Жарғысы белгілеген жекеленген мәселелер бойынша шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылдана алмайды.

72. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі жұмысының жыл сайынғы жоспарына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам Жарғысына сәйкес осындай құқыққа ие органдардың (тұлғалардың) талабы (ұсынысы) бойынша қалыптастырады.

73. Күн тәртібін бекіту отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.

Сырттай дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі шешім қабылдаған жағдайда күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

74. Директорлар кеңесі көзбе-көз отырысының күн тәртібі Директорлар кеңесіне қатысқан мүшелерінің бір ауыздан шешім шығаруы бойынша өзгертіледі және (немесе) толықтырылады, тек Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысы жазбаша хабарлама (пікір) пайдалану арқылы өткен жағдайды қоспағанда.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 19-беті

75. Директорлар кеңесі күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

76. Сырттай дауыс беру пошта арқылы тапсырысты хат жөнелту жолымен, факсимильді не электрондық байланыс арқылы жүзеге асады немесе корпоративтік хатшы осы Ережеге 2-қосымшаға сай нысанда дауыс беру бюллетенін Директорлар кеңесінің мүшелеріне қол қойғызып таратады.

Материалдарды алған Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньді толтырады да толтырылған бюллетеньді факсимильді немесе электрондық байланыс арқылы Қоғамға жолдайды және бір уақытта тапсырысты хатпен толтырылған бюллетеньнің түпнұсқасын жібереді.

77. Сырттай дауыс беру бюллетенінде болуға тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) қол қойылған бюллетенді Қоғамның корпоративтік хатшысына ұсыну күні;
- 3) отырыстың күн тәртібі;
- 4) дауысқа қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 5) өзге де мәліметтер.

Сырттай дауыс беру бюллетеньдерін Директорлар кеңесінің мүшелеріне жолдаған кезде Қоғамның корпоративтік хатшысы олардың дұрыс әрі біркелкі жасалғанын өз қолымен куәландырады.


78. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетендердің кворумы болған жағдайда ғана қабылданды деп саналады.

Дауыстарды санаған кезде Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған мәселелер бойынша және дауыс берудің тек бір ғана мүмкін нұсқасына белгі қойылғанда ғана дауыстар есепке алынады.

Сырттай дауыс беру бюллетеніне Директорлар кеңесінің мүшесі қол қою тиіс. Қол қойылмаған бюллетень жарамсыз деп саналады.

Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру нәтижесіне ықпал етпейтін, сырттай дауыс беруге шығарылған мәселелер бойынша шешімдердің жобаларын тұжырымдау және құжаттар бойынша ескертулері (ұсыныстары, толықтырулары) болған жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның корпоративтік хатшысына бюллетеньдерді тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін кем дегенде үш жұмыс күнінен кешіктірмей Директорлар кеңесінің қалған мүшелеріне оның пікірімен таныстыру үшін жіберу және Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігі келіскен жағдайда ұсынылған түзетулер есебімен хаттаманы ресімдеу мақсатында Қоғамның корпоративтік хатшысын ескертулер (ұсыныстар, толықтырулар) туралы хабардар етуге міндетті.

79. Директорлар кеңесі мүшесінің бюллетеньді ұсынған күні пошта мөрқалыбы және Қоғамның корпоративтік хатшысына табыс етілген күн

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 20-беті

бойынша анықталады.

80. Қоғамның корпоративтік хатшысы бюллетеньдер түпкілікті ұсынылған күні телефон, факсимильді немесе электрондық байланыс арқылы, не болмаса өзге тәсілмен Директорлар кеңесінің мүшелерінен олардың Қоғамға бюллетеньдерді жібергені туралы ақпаратты сұрайды.

81. Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру шешімі жазбаша түрде ресімделеді және оған Қоғамның корпоративтік хатшысы мен Директорлар кеңесінің төрағасы қол қояды әрі мыналарды қамтиды:


- 1) Қоғамның толық атауы мен Басқарманың орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыс шешімін жазбаша ресімдейтін күні мен орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) шешім қабылдау үшін кворумның барлығы/жоқтығы туралы жазба;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) күн тәртібіндегі әрбір мәселе мен қабылданған шешім бойынша дауыс беру қорытындысы;
- 7) өзге де мәліметтер.

Шешімді ресімдеген күннен бастап жиырма күн ішінде ол Директорлар кеңесі мүшелеріне осы шешім қабылданған бюллетеньдер көшірмесін қоса беру арқылы жіберілуі тиіс. Қоғамның корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі шешімінің мүмкіндігінше қысқа мерзімде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жеткізілуі үшін қажетті шараларды қабылдайды.

82. Көзбе-көз тәртіпте өткізілген отырыста қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері отырыс өткізу күннен кейін үш күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелері және Қоғамның корпоративтік хатшысы құрған және қол қойған хаттамамен ресімделеді әрі мыналарды қамтиды:

- 1) Қоғамның толық атауы мен Басқарманың орналасқан жері;
- 2) отырыс өткізудің күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа салынған мәселелер және оған байланысты Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әр мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесі мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша пікірін ұсыну арқылы дауыс беруі туралы жазба (осындай жазбаша пікір болған жағдайда);
- 8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

Егер Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына осы Ереженің 62-тармағында көрсетілген байланыс құралдарын пайдаланып қатысқан жағдайда, ол Директорлар кеңесінің хаттамасында

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 21-беті

көрсетіледі. Бұл ретте отырыс хаттамасын ресімдеу Директорлар кеңесінің аталмыш мүшесі қол қойған осы хаттаманың сканерленген көшірмесінің негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын Қоғамның корпоративтік хатшысы, егер Қоғамның корпоративтік хатшысы болмаған жағдайда, Қоғамның Корпоративтік хатшы қызметінің жұмыскері жүргізеді және ресімдейді.

Сырттай дауыс беру шешімдерінің және көзбе-көз отырыс хаттамасының дұрыс жасалуына Қоғамның корпоративтік хатшысы мен Директорлар кеңесінің мүшесі жауапты болады.

83. Директорлар кеңесінің шешімімен келіспеген жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесі дауыс беру қорытындысын шығарған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің келіспеушілігін ерекше пікірі түрінде отырыс хаттамасында көрсетуді талап етуге құқылы.

Егер Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша қалыс қалған жағдайда, Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында (сырттай дауыс беру шешімі) осындай дауыс берудің тиісті себебі көрсетіледі.

84. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүдделілігі бар Директорлар кеңесінің мүшесі осы мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында тиісті жазба жүргізіледі.


85. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары мен сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер Қоғамда сақталады.

Қоғамның корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы мен сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін ұсынуға және (немесе) Қоғамның корпоративтік хатшысы қол қойған әрі Қоғам мөрінің (ол болған жағдайда) баспа-таңбасымен куәландырылған үзінді-көшірмені беруге міндетті.

12. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ШЕШІМДЕРІН ОРЫНДАУДЫ БАҚЫЛАУ

86. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесі отырысына ұсынылатын Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуы және (немесе) орындалу барысы туралы Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Қоғамның корпоративтік хатшысының есептерін қарау арқылы өз шешімдерінің орындалуына бақылау жасайды.

87. Қоғамның корпоративтік хатшысы қабылданған шешімдер мен тиісті тапсырмаларды Қоғам Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің назарына жеткізеді және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындаудың

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 22-беті

бақылау мерзімдері туралы Директорлар кеңесін хабардар етеді.

88. Ұсынылған есептерді қарау қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі өз құзыретінің шегінде тиісті тапсырмалар беруге құқылы.

13. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

89. Ең маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстарды дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылды.

90. Директорлар кеңесінің комитеттері мына мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлауды;
- 2) кадрлар мен сыйақыларды;
- 3) ішкі аудитті;
- 4) әлеуметтік мәселелерді;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген өзге де мәселелерді.

Осы тармақта көрсетілген мәселерді қарау, Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылу мүмкін.

91. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесі мүшелерінің санынан және комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімдері, құзыреттері мен біліктіліктері бар сарапшылардан тұрады. Комитеттердің құрамдарын қалыптастыру кезінде мүдделердің әлеуетті қақтығысының болуын назарға алу қажет.

Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Тәуелсіз директорлар қызметіне осы Ереженің 90-тармағы бірінші бөлігінің 1) - 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) болып табылады.


Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы) Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесінің комитеттер төрағаларының кәсіби құзыреттерімен қатар ұйымдастырушылық және көшбасшылық қасиеттері, комитет қызметін тиімді ұйымдастыру үшін жақсы коммуникативтік дағдылары болуы тиіс.

92. Директорлар кеңесі комитеттерін құру және олардың жұмыс тәртібі, олардың саны, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

14. АКЦИОНЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

93. Акционерлер жалпы жиналысының өз құзыретінің аясында

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 23-беті

қабылдаған шешімдері Директорлар кеңесі үшін міндетті болып табылады.

94. Директорлар кеңесі жыл сайын Акционерлер жалпы жиналысының алдында өз қызметі туралы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына бекіту үшін Директорлар кеңесінің атқарған жұмысы туралы жылдық есебін ұсыну жолымен есеп береді.

Директорлар кеңесінің атқарған жұмысы туралы жылдық есебінде келесі ақпарат көрсетіледі, бірақ онымен шектелмейді:

1) Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасының құрамы, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасын, тәуелсіз директорларын көрсету арқылы, тәуелсіз директорларды, Қоғам бас директорын (Басқарма төрағасын) және комитеттер мүшелерін іріктеу өлшемі;

2) Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының саны, сондай-ақ Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің Директорлар кеңесінің және құрамына өзі кіретін комитеттерінің отырыстарына қатысуы;

3) Комитеттердің өз қызметтерін орындау бойынша жұмысы туралы есеп, оның ішінде Директорлар кеңесінің комитеттердің жеке ұсыныстарын және/немесе ұсынымдарын қабылдамау себептерін көрсету арқылы;

4) Директорлар кеңесі мен Басқарма жұмысы туралы есеп, Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасы шешім қабылдаған мәселелер бойынша, сондай-ақ бас директорға (Басқарма төрағасына) табысталған шешімдер туралы толық ақпаратты қоса;

5) Қоғам айқындамасын және оның даму болашағын бағалау;

6) Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің жеке мүшелерінің қызметін бағалау;

7) Қоғамға қатысты Акционерлер жалпы жиналысының пікірін Директорлар кеңесі есепке алуы бойынша қабылданған шаралар (тікелей сұхбаттасу, брифингтер арқылы);

8) есептік кезеңге Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйлықақы мөлшері туралы мәліметтер.


15. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

95. Директорлар кеңесі мүшелері Қоғаммен және акционерлер алдында олардың іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін әрі Қоғамға келтірілген залалдар үшін, мыналардың нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса, бірақ олармен шектелмей Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады:

1) қателесуге әкеп соқтыратын ақпарат немесе әдейі жалған ақпарат беру;

2) Заңда белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың аффилиирленген

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 24-беті

тұлғаларының Қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, Қоғамға зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну.

96. Директорлар кеңесінің мүшелері, тек мәмілелер жасасуға мүдделі және жасасу нәтижесінде Қоғамға залалдар келтірілген мәмілені ұсынған Директорлар кеңесінің мүшесін қоспағанда, жауапкершіліктен босатылады, егер Қоғамға не акционерге залалдар келтіруге әкеп соқтырған Директорлар кеңесінің шешіміне қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса.

Директорлар кеңесінің мүшесі Заңда белгіленген Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім Қоғам мүдделерін білдіреді деп негіздемелі түрде есептегені дәлелденген жағдайда, ол коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

97. Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігін Қоғам қаражаты есебінен сақтандыру тиіс.

16. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫЛАРЫ


98. Акционерлер жалпы жиналысының шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне олармен өздерінің міндеттерін атқару кезеңінде сыйақылар төлену және (немесе) Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметтерін атқарумен байланысты барлық шығындар өтелу мүмкін. Осындай сыйақылар мен өтемақылар мөлшері Акционерлер жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

99. Сыйақылардың мөлшерін белгілеген кезде Директорлар кеңесінің және Қоғам қызметінің тиімділігін арттыруда Директорлар кеңесі мүшелерінің болжалды үлесі, Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері, Қоғам қызметінің қарқыны, даму стратегиясы белгілеген ұзақмерзімді мақсаттар мен міндеттер, Директорлар кеңесі қарайтын мәселелердің күрделілігі, ұқсас компаниялардағы сыйақылар деңгейі (бенчмаркинг, сыйақыларды шолып қарау) назарға алынады.

17. ЕРЕЖЕНІҢ ЗАҢДЫ КҮШІ

100. Осы Ережені бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Акционерлер жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

101. Егер Заңның немесе Қоғам Жарғысының өзгеруі нәтижесінде осы Ереженің жеке нормалары олармен қайшы келсе, осы Ережеге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізгенге дейін Заңның немесе Қоғам Жарғысының нормаларын басшылыққа алу қажет.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 25-беті

1-қосымша
(ұсынылатын)

**«ҚазТрансОйл» АҚ-тың
(мәселенің атауы) мәселе бойынша түсіндірме жазбасы**

_____ (орны)

_____ (күні)

1. Мақсат(тар)ы.
2. Міндет(тер)і.
3. Экономикалық әсер.
4. Жүргізілген (қаржылық, заң, техникалық) сараптама туралы ақпаратты аша отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселенің қысқаша сипаттамасы.
5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі.
6. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдарлар.
7. Директорлар кеңесі ұсынатын шешім мазмұнының орындалымын, мақсаттылығын, тиімділігін және құқықтылығын растау.

Әрі қарай мәтін бойынша (егер мәселені Басқарма шығаратын болса):

Басқарма ұсынылған ақпараттың шынайы болуын, «ҚазТрансОйл» АҚ мақсаттары мен міндеттері аясында оң экономикалық әсері бар екенін, толық көлемде ұсынылғанын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтінін растайды.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**

қолы

_____ Аты-жөні, тегі


(егер мәселені Басқарма шығаратын болса)

Директорлар кеңесінің мүшесі

қолы

_____ Аты-жөні, тегі

(егер мәселені Директорлар кеңесінің мүшесі шығаратын болса)

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже	
ИМЖ ережесі	ҚТО-СА-PL-4.2	26 беттің 26-беті

2-қосымша
(ұсынылатын)

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің
сырттай дауыс беру
БЮЛЛЕТЕНІ**

Толық атауы: «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы
(бұдан әрі - Қоғам)

Атқарушы органның орналасқан
жері: _____

Отырысты өткізудің бастамашысы:

Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі қол қойған бюллетень
20__ жылғы «__» _____ сағат 00 минутқа дейін Қоғамның
корпоративтік хатшысына мына мекенжай бойынша ұсынылуға тиіс:

(Қоғамның орналасқан жері, байланыс телефоны, факс, электрондық мекенжайы)

Күн тәртібі:

1. (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).
2. (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).

Күн тәртібінің _____ мәселесі бойынша ұсынылған
материалдар негізінде шешім қабылданады:*

1. _____
2. _____

Т.А.Ә.	«Қолдаймын»	«Қарсы- мын»	«Қалыс қалдым»	Ескертпе**
Директорлар кеңесі мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі				

Корпоративтік хатшы

қолы

Аты-жөні, тегі

* Дауыс беру нұсқасы дауыс беруші Директорлар кеңесі мүшесінің қол қоюымен белгіленеді. Бюллетень бойынша дауыс тек дауыс беруші Директорлар кеңесі мүшесінің қолымен дауыс берудің бір ғана нұсқасы белгіленген жағдайда есепке алынады.

** Ескертпеде Директорлар кеңесінің мүшесі қандай себептермен «Қолдаймын», «Қарсымын» немесе дауыс беруден неге қалыс қалғанын, сондай-ақ өзге де тиісті ақпаратты көрсетеді.

Егер Директорлар кеңесінің мүшесі Заңның 71, 73-баптарына сай Қоғамның жасалатын мәмілелеріне өзінің мүдделілігінің болуына орай дауыс беруге қатыспаған жағдайда, ескертпеде ол тиісті жазба жасайды әрі оны қолымен растайды.